

Журнал Қазақ өлкелік партия комитетінің шешімімен 1925 жылы құрылған

ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ

№6 (1085),
2016
МАУСЫМ

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ
ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РК

Журнал Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесі Президиумының өкімімен 1975 жылы
“Құрмет белгісі” орденімен, 1985 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің
Құрмет грамотасымен марапатталған.

РЕДАКЦИЯ:

Бас редактор – Сәния БЕКТЕНҒАЛИЕВА,
педагогика ғылымының кандидаты, доцент, ҚР білім беру ісінің үздігі,
“Б.Алтынсарин” белгісінің иегері, ҚР журналистер одағының мүшесі.

Бас кеңесші – Сайраш ӘБІШҚЫЗЫ,
қоғам қайраткері.

Жауапты редактор – Жолдас САРМАНОВ.



Менеджер – Досқали ЖҮНІСБЕКОВ.

Оператор-беттеуші – Нәзигүл СӘДУАҚАСОВА.

Корректор – Күлила МАЙТЫБАЙ.

АҚЫЛДАСТАР КЕҢЕСІ:

Елена АНДРИЕНКО – педагогика ғылымының докторы, Новосибирь мемлекеттік университетінің профессоры, академик. Ресей Федерациясы.

Гүлнас АХМЕТОВА – Ұлттық “Өрлеу” біліктілікті арттыру орталығы акционерлік қоғамының басқарма төрайымы, педагогика ғылымының докторы, профессор.

Оналбай АЯШЕВ – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогика институтының ректоры, профессор.

Ләззат БАЗАРҚҰЛОВА – Алматы облыстық білім басқармасының бастығы.

Жанбол ЖЫЛБАЕВ – Б.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының президенті.

Владимир КАБУШ – педагогика ғылымының докторы, профессор. Беларусь Республикасы.

Джанг Ли КЕУН – КИМЭП университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша директоры. Лондон экономика мектебінің профессоры. Оңтүстік Корея Республикасы.

Серік ПІРӘЛИЕВ – Абай атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік педагогика университетінің ректоры, педагогика ғылымының докторы, профессор.

Нұрлыбек САҚЫПОВ – Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің профессоры, медицина ғылымының докторы, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі.

Шәркүл ТАУБАЕВА – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымының докторы.

Салтанат ТӘЖІБАЕВА – педагогика ғылымының кандидаты, профессор.

Ботагүл ТҰРҒЫНБАЕВА – педагогика ғылымының докторы, профессор.

Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің педагогика және психология кафедрасы меңгерушісі, педагогика ғылымының докторы, профессор.

Электрондық пошта: kaz_mektep@mail.ru

Сайт: www.kazmektap.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАҒА
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И
НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
050010, г.Алматы, ул. Жамбыла, 25

МАЗМҰНЫ

Педагогика ғылымы: зерттеулер

Г. Жайлымысова, С. Қырқынбекова. Музыкалық қабілеттер мен дарындылық мәселесі.....	3
Г. Қалмағамбетова. Балалардың коммуникативтік қабілетін ойын арқылы дамыту	5
В. Кабуш. Самоуправление – модульная технология демократизации образовательного процесса	7
С. Байзахова, Е. Сауытов. Сущность дуальной системы обучения в колледже.....	15

Редакция поштасынан

К. Оңалбекова. Ұлы дала дүбірі	17
--------------------------------------	----

Білім жүйесі: ізденістер, игі істер

Е. Бәкіров. Ұлтын сүйген ұлы істер атқарады	18
Ғ. Гастемірова. Заманауи жабдықталған кабинеттердің мүмкіндіктері.....	20
Г. Нұрмағанова. Қазақ тілін оқыту жүйесі және жаңа технология	22
С. Сексенбаева. Озат педагогикалық тәжірибе мен инновация	25
А. Қойлыбаева. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы – функционалдық сауаттылықты арттырудың құралы	29
А. Бейсембаева. Қазақ тілі сабағында инновациялық технологияларды қолдану.....	32
Ә. Хакимова. Заман талабына сай оқытуда жаңа технологиялардың рөлі	34
А. Қажыкен. Дәстүрлі емес сабақтардың тиімділігі	37

Мұғалім дәптерінен

А. Майқынова. Мәртебелі мамандық	42
--	----

Тағзым

Л. Бектібаева. Ұлттың ұлы тұлғасы	43
---	----

Мерейтой


Е. Қожахметұлы. Абызға айналған ардагер.....	46
--	----

45 минут

Ұ. Есілбаева, Ж. Жүнісова. “Менің таңдаған мамандығым”	49
М. Мутиханова. Жазбаша қосу және азайту	51
Г. Сатыбалдина. Қара металл кендері	53
Г. Омарова, С. Жангельдина. Сложное предложение.....	55
А. Бекайдаров. Формирование алгоритмической культуры на уроках математики	57
З. Раметулла. “Man, beast and domestic animals”	58

Жапсырма беттерде

Ж. Қайыркүлова. Ағаштан жасалатын құрылыс материалдары	
Г. Сейсекенова. Су – өмір нәрі	



ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

Лиза БЕКТІБАЕВА,
республикалық ғылыми-педагогикалық
кітапхананың оқырмандарға қызмет
көрсету бөлімшесі басшысы

Кез келген тарихи тұлғаға баға бергенде, ол өмір сүрген заманы мен қызмет етіп, қызу араласқан қоғамы тұрғысынан қарау қажеттігін, болашақ үшін сіңірген еңбегін зерделейміз және ұлт мақтаны дегенде ауыз толтырып айтып жүретін тұлғалар арасында қадірі өзімізден алыстаған сайын арта түсетін ерекше адамдар болады. Қазақ халқының сондай даңқты ұлдарының бірі – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, публицист, аудармашы, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі болған **Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан**.

Осы тарихи тұлға Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның туғанына 150 жыл (25.03.1866–27.0.1937 ж.ж.) толуына арналған «Ұлттың ұлы тұлғасы» тақырыбындағы кешті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы ұйымдастырып өткізді.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан 1866 жылы 25 наурызда (кейбір деректерде 3 наурыз деп айтылады) бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысының 7-ауылында дүниеге келген. Әлихан Бөкейхан – Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға жергілікті молданың қолына оқуға береді, кейіннен ол үш сыныпты бастауыш мектепте білім алады. Оны бітіргеннен кейін 1879–1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886–1890 жылдары Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

1890–1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқиды. Әлихан Бөкейхан жандармерия басқармасының назарына алғаш рет студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің кара тізіміне» алынады. Ол институтты бітіргеннен кейін Омбы қаласындағы орман шаруашылығы училищесінде оқытушы, «Степной Край» газетінде қызметкер болып жұмыс істейді.

1896–1903 жылдары қазақ даласын зерттеген Ф.А. Щербинаның экспедиция жұмысына қатысады. Сонда жүріп қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көреді және отарлық биліктің таяу жылдары ірі шараларды іске асыруға даярлық жасап жатқанын байқайды.

Әлихан Бөкейханның саяси көзқарасының мүлдем басқа салаға көтерілуіне 1-орыс революциясы ерекше ықпал етті. Әлихан Бөкейхан 1905 жылы қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің сиезіне қатысып, қазақ халқының тіл, сайлау, дін, т.б. бостандықтары мәселесін көтерді. Ол осы жылы «Халық бостандығы» партиясының мүшелігіне, 1906 жылы оның орталық комитеті құрамына енді және оның бөлімшесін Қазақстанда ашуға ынта білдірді. 1906 жылы Семейде өткен қазақ сайлаушыларының сиезінде Әлихан Бөкейхан «Халық бостандығы»

партиясының бағдарламасын қуаттап сөз сөйледі және I Мемлекеттік Думаға Семей облысы қазақтары атынан депутат болып сайланды. Бірақ ол I Мемлекеттік Дума жұмысына қатыса алмады. Думаның патша тарапынан жабылуына байланысты даярланған Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін Санкт-Петербург сот палатасының шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды. Ал түрмеден босатылған соң 1908 жылы Омбыдан жер аударылып, Самара қаласында тұруға мәжбүр болды.

Әлихан Бөкейхан Самара қаласында 1908–1915 жылдар аралығында тұрып, өзінің алуан түрлі жұмыстарымен қатар саяси күресін тоқтатпады. 1913–1918 жылдары шыққан «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпыұлттық деңгейге көтерілуіне Әлихан Бөкейхан зор үлес қосты. 1914 жылғы маусымда Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен шақырылған Бүкілресейлік мұсылман сиезіне қатысты. Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман фракциясы бюросының тұрақты мүшесі болды.



1917 жылы 20-наурызда Уақытша үкіметтің Торғай облысы комиссары қызметіне тағайындалды. Әлихан Бөкейхан ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыс басшысы дәрежесіне көтерілген алғашқы қазақ болды. Ұлттық мемлекет құру Әлихан Бөкейханның түпкі мақсаты еді. Ол уақытша үкіметке, сондай-ақ, кадеттер партиясына үлкен үмітпен қарады. Бірақ, оның бұл үмітінің негізсіз екендігін көп ұзамай уақыттың өзі көрсетіп берді. Бұл Бөкейханның кадет партиясынан шығуына алып келді.

Әлихан Бөкейханның жетекшілігімен 1917 жылы шілдеде жалпықазақ I сиезі өткізілді, сондай-ақ, «Алаш» партиясы құрылды. Сонымен қатар Әлихан Бөкейхан және Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы мен ұйымдастыруы бойынша 1917 жылы 5–13 желтоқсанда Орынбор қаласында қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған жалпы қазақ сиезі болып өтті.

Кенес билігі тұсында ол туған халқы үшін белсенді қызметтен бас тартқан емес. 1920 жылы Қазақ АКСР-і Екіншілік халық комиссариаты алқасының мүшесі, 1922 жылы Мәскеу қаласындағы ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Орталық баспаның ғылыми қызметкері, 1926–1927 жылдары Ресей Ғылым академиясының ғылыми қызметкері болды. Сталин басқарған жоғарғы билік революцияға дейінгі қазақ зиялыларына, оның ішінде Әлихан Бөкейханға сенімсіздік танытты, қоғамдық қызметін теріс бағалап, шектеп отырды. 1925 жылы Қазақстандағы саяси билікке Ф.Голощекин келгеннен кейін жүргізген оның қоныс аударушыларға кең жол ашу саяса-

тына жол бермеу үшін қазақ қожалықтарына қажет жер нормасын анықтау мақсатында КСРО Ғылым академиясы жанынан профессор С.П.Швецов бастаған экспедицияны құру ісіне белсене араласып, оның құрамына өзі де енеді. Қазақстанда қоныс аударушыларға жарарлық артық жер жоқ екендігін ғылыми тұрғыдан негіздеп берген бұл комиссияның жасаған тұжырымдары мен ұсыныстары Голощекинге және орталық мекемелерге ұнай қойған жоқ. 1926 жылы Әлихан Бөкейханды Мәскеуден бақылаушы орындарының рұқсатынсыз шығып кеткені үшін ОГПУ қызметкерлері Ақтөбеде тұтқынға алады да, кейін қайтарып, Бутырка абақтысына жабады. Келесі 1927 жылы Егіншілік комиссариатында ол профессор Швецов ұсынған жер нормасын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл пиғылдағы шенеуніктерді әшкерелеп сынға алды.

Әлихан Бөкейхан – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-су, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі. «Киргизы» еңбегі алғаш рет «Формы национального движения в современных государствах» жинағында 1910 жылы Санкт-Петербургте басылып шықты. Бұл еңбекте қазақ халқының отаршылдық саясатқа деген көзқарасын, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат-мүддесін ашып көрсеткен. Әлихан Бөкейхан назарынан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі де тыс қалмаған. Оның бұл тақырыпта 1923 жылы Ташкентте «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» дейтін кітапшасы шыққан.

Әлихан Бөкейхан 1927 жылдың 1-қазанынан бастап Мәскеуде, ОГПУ орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды. Үкімет орындарының, жеке адамдардың оның Қазақстанда тұрып, қызмет істеуіне рұқсат сұрап орталыққа жасаған өтініштерінен нәтиже шықпады. Әлихан Мәскеуге жер аударылып, онда он жыл үй қамауда отырды. 1937 жылы 27-қыркүйекте КСРО Жоғары соты әскери алқасының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілген. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғары сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, қайта ақталды.

Әлихан Бөкейхан есімін ұрпақтар жадында мәңгі қалдыру мақсатында 1992 жылы Қарағанды облысының Ақтоғай елді мекенінің орталығында Алаштың үш арысы – Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбайларға ескерткіш орнатылған. Алматыда бір көшеге, Орал қаласында бір көшеге Ә.Бөкейхан аты беріліп, Қарағанды қаласында №76 жалпы білім беретін орта мектеп және Шымкент қаласындағы №2 жалпы білім беретін орта мектеп Ә.Бөкейхан атымен аталды. Қарағанды облысының Шахтинск қаласында Ә.Бөкейхан атындағы мектеп-лицей бар.

Кешке шақырылған қонақтар: жазушы, публицист, тарих ғылымының кандидаты **Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлы** «Әлихан Бөкейхан – азаттық күрескері», Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының ұйымдастыру және коммерция мәселелері жөніндегі орынбасары, тарих ғылымының докторы **Смағұлова Светлана Әдепқызы** «Әлихан Бөкейхан және қазақ», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарихшы-ғалым **Тілеубаев Шәмек Баянұлы** "Әлихан Бөкейхан. Ұлт-азаттық қозғалысы" тақырыптарында Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның өмірі, қоғам және мемлекет қайраткерлігі, публицистігі, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшілігі, ұйымдастырушылығы туралы өз ойларын ортаға салды.

Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың қызметкері **Клара Иманбекова** Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның өмірі мен қызметі туралы қысқаша хабарлама жасады.

Кешті кітапхана қызметкері Әлия Оразова жүргізді.

Кітапхана осы кешке арнап Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның өмірі мен қызметіне арналған «Есімін ел ардақтаған» тақырыбындағы 3 бөлімді кітап көрмесін ұйымдастырды.

Кешке Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің және Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері мен ғылыми қызметкерлері, республикалық ғылыми-педагогикалық “Қазақстан мектебі” журналының жауапты редакторы Жолдас Сарманов, кітапхана оқырмандары қатысып, кештен жақсы әсер алып қайтты.

Осы кештің жақсы өтуіне атсалысқан кітапхананың тұрақты оқырмандарының бірі – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымының кандидаты Қияқбаева Ұлбосын Қозыбайқызын да ерекше атап өткен жөн.

Алматы қаласы.

Мерейтой

АБЫЗҒА АЙНАЛҒАН АРДАГЕР

Еркін ҚОЖАХМЕТҰЛЫ,
еңбек ардагері

Астана қалалық, Ақмола облыстық, республикалық газет-журналдардың тұрақты түрдегі кейіпкерлерінің біріне айналған екінші дүниежүзілік соғысы, тың, еңбек ардагері, Арқалық қаласының құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз Мінәйдар ағамызға Астанаға барған сайын соғып, әңгімелерін тыңдайтынмын, бірде ол: *«Мен де тоқсан деген жасқа келіп қалыппын. Әкем жарықтық (өзінің айтуы бойынша) 107 жасқа келіп дүниеден озып еді, біздің қанша жасқа келетінімізді болжау қиын... Алла қаласа, биыл, осы 2016 жылдың мамыр (10-мамыр) айында...»* деген сөзін құлағым шалып қалған еді.

Менің Ғыждуан ағай Қасымұлы туралы «Ұлт ұстазы» журналынан жазғандарымды оқыған ол *«Мынауың дұрыс болған екен. Ер есімі – ел есінде дегенің де өте құптарлық. Ғыждуан жалғыз сенің ағайың ғана емес, менің де ұстазым, қамқоршым, көптің рақметіне бөленіп, үлкендердің баталарына кенелген, біздің замандастарымыздың ішіндегі барлық жағынан да биік, адамгершілігі, ізеттілігі жоғары, мәдениеттілігі, білімінің жан-жақтылығы, қайырымдылығы өте мол, қатарларының алдындағы ірі тұлғалардың бірі еді ғой...»* дегені де есімде қалған.

Мінәйдар ағай 1926 жылдың мамыр айының 10-ы күні Ұлытаудың Бердібек (соңынан Дәбей, Шеңбер, Қорғасын деп аталып кеткен) ауылы жанында, қазіргі Сарыторғайдағы Маятаста кедей отбасында өмірге келген. 1933 жылы Қонай деген жердегі «Алғабас» бастауыш мектебінде ұстазы Зейден Тұрғынбаевтан ең алғашқы алған дәрістерін Қайыңдыдағы жетіжылдық мектепте жалғастырады. Бірақ, 1941 жылы басталып кеткен екінші дүниежүзілік соғысына мектеп мұғалімдері мен жоғары сынып оқушылары жаппай алынуларына байланысты мектептер жабылып, өзі қатарлары да, өзінен кейінгі төменгі сыныптағылар да, әскерге алынған колхоз жұмысшыларының орындарын толықтырған кемпір-шал, қыз-келіншектермен бірге қысы-жазы, ертелі-кеш, күндіз-түні Қайыңдының «Аққұдығында» соқа тартысып, егін